

## КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ДИПЛОМАТИЯСЫНДА ЕЛЕУЛІ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ҚАЗАҚ – НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ

**Батықова Ә.Е.**, магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Кеңес үкіметінде жоғары қызметте жұмыс жасап, оның даму жолында аянбай еңбек қылған және тарихта із қалдырған қазақ зиялыларын зерттеу маңызды болып табылады. Өз қағидасы мен заманына сай қадам басқан, ұстанымдарын бекіткен тұлғалар біршама. Солардың бірі де бірегейі - Нәзір Төрехұлұлы Төрехұлов.

Нәзір Төрехұлов - бірінші қазақ дипломаты, елеулі саясат және қоғам қайраткері, журналист және Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы бірінші елшісі. Нәзір Төрехұлов соғысқа дейінгі жылдары кеңес елшісі дәрежесіне жеткен алғашқы және жалғыз қазақ. Хиджаз Корольдігіндегі, Недждағы және оған қосылған облыстардағы КСРО өкілетті өкілінің қызметі тәуелсіз Қазақстанның дипломаттары үшін лайықты үлгі болып табылады. Ол жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ мемлекеттілігін дамыту мақсаттарын тұжырымдаған аса көрнекті тарихи қайраткерлердің бірі.

Нәзір Төрехұловтың есімі тарих бедерінде ойып орын алса да, әлі күнге дейін халықтың арасында таныла қоймаған. Тарихи тұлғаны жан-жақты зерттеп, оның есімін асқақтату біздің міндетіміз болып табылады. Нәзір Төрехұловтың дипломатиялық тәжірибесі қазіргі таңда да өзектілікке ие. Оның дипломатиясы мен саяси көзқарастары заманынан озық болатын. Қиын қыстау кезеңнің өзінде гуманитарлық көмек жасау жұмыстарын жүргізуі мен экономикалық, саяси байланыстарды сауатты орната білуі таңдай қақтырады. Ол дипломатиялық шеберліктің көркем мысалдарын көрсетіп кетті. Біріккен Ұлттар Ұйымы секілді бейбітшілікке бағытталған ұйымдар осындай дипломаттардың ерен еңбегінің арқасында тәжірибе жинақтады. Халықаралық жағдайға ықпал еткен дипломаттың өмір жолын зерттеп, оның есімін елге таныту маңызды іс.

Дипломат 1892 жылы бай мақта сатушысының отбасында дүниеге келді. Жастайынан діни және Түркістан генерал-губернаторлығында заманауи (зайырлы) білім алды. Төрехұлов бала кезінен жерлестерінің ауыр тағдыры мен биліктің әділетсіз саясатын көрін өсті. Қоканда тұрған жылдары оның әкесіне билер мен өсімқорлардың және кулактардың озбырлығы жайлы арыздарды жоғары билікке жазуын өтінін, ауылдан қарабайыр кедейлер келетін. Басқаның қасіретіне алаңдаушылық таныта білетін Нәзір, келген адамдардың уәжін тыңдап, кінәлілердің бастылығына қапалантын. Арызданушылардың түрлі кемсітушілік пен қиындықтардан өтсе де, өз мақсаттарына жете алмай ауылға қайтуын жиі көретін еді. Осындай жағдайлар болашақ дипломаттың патриоттық рухы мен саясатқа деген қызығушылығын оятқан болатын. Дәл осы кезеңде болашақ саясаткердің, журналист пен дипломаттың прогрессивті көзқарастары қалыптаса бастады.

Кейіннен білімін жалғастыру мақсатымен Мәскеу коммерциялық институтына түседі. Институт қабырғасында экономиканы меңгерін қана қоймай, сонымен қоса, шет тілдерге икемділігімен танылды. Ол орыс, түрік тілдерінде еркін сөйлеп, француз және неміс тілдерін жақсы білетін еді. Сауд Арабиясы Корольдігіндегі дипломатиялық жұмысы кезінде араб тілін меңгереді.

1916 жылғы патша үкіметінің әскери-тыл жұмыстарына қатысты жарлығына байланысты 3-ші курс оқып жүрген Төрехұлов институтты тастап, жалпыресейлік жер одағына мобилизациялауға ұшыраған түркістандықтармен жұмыс жасайтын нұсқаушы болып тұрады. Кейін Торғай облысында қызмет етті.

Табиғатынан зерек, өз халқына деген жанашырлық сезімімен ерекшеленетін, көпұлтты ортаны сүйіп өскен Нәзір Азия халықтарының дағдарыс жағдайынан шығуын, олардың әлеуметтік-экономикалық және рухани босатылуына ықпал ете алатын идеяларды

қолдады. Жас Нәзір социализмді саналы таңдап, шығыс халықтарының әлеуметтік, әсіресе ұлттық азаттығын көздейтін большевиктердің арасында болады.

1917 жылдан бастап солшыл Социалистік революционерлер партиясының қатарына қосылды. 1918 жылы Қоқан кеңесі атқару комитетінің хатшысы, сонымен бірге солшыл Социалистік революционерлер ұйымының төрағасы болып тағайындалды. 1918 жылдың қыркүйегінде Коммунистік партияның мүшесі болып, Қызыл Армия қатарына өз еркімен жазылып, Түркістандағы атты әскер саяси басқармасының бастығы болып тағайындалды. Осы сәттен бастап оның революциялық және партиялық мансабының тез өсуі басталды. Сонымен қатар, Төрехұловтың публицистикалық қабілеті дамыды, ол өзін мәдени-бұқаралық және ағарту жұмыстарының көрнекті ұйымдастырушысы ретінде көрсетті [1, 8 б.].

Қоқан Совдепінің мүшесі ретінде ол өзінің «Халық газеті» («Народная газета») баспа органын құруға белсене қатысады, Түркістан Компартиясы Орталық комитетінің органының «Инкилоб» журналының бірінші нөмірін шығаруды ұйымдастырады. Осы және басқа басылымдардың редакциялық алқасының мүшесі бола отырып, ол аударманың сапасын көп өңдеп, бақылап қана қоймай, сонымен қатар, өз мақалаларын үнемі жариялап отырады. Сол кездің өзінде оның мақалалары терең мағынасымен, аналитикалық және керемет стилімен ерекшеленді.

1918-1919 жылдарда Ферғана облыстық ревкомының төрағасы, Түркістан республикасы Орталық атқару комитетінің мүшесі, 1920 жылы Түркістан республикасының ағарту комиссары, «Вестник просвещения и коммунистической культуры» журналының редакторы қызметтерін атқарды... Жалынды күрескер азаматтың қарышты қадамы 1920-1922 жылдарда оны ең биік лауазымды орынға көтерді, ол Түркістан республикасы Орталық атқару комитетінің әрі Түркістан компартиясы Орталық комитетінің төрағасы болады... Нәзір 1922 жылы Мәскеуге КСРО халықтары Орталық баспасы басқармасының (Центриздат) төрағасы қызметіне ауыстырылады. Бұл жұмысқа да ол білек сыбана кірісін, түрік халықтарының тілдерінде алуан түрлі құнды кітаптар шығаруға басшылық етеді. 1922 жылы Кеңес үкіметі Нәзірге тағы бір үлкен тарихи міндет жүктеп, оны түрік халықтарының жаңа алфавитке көшуі жөніндегі комиссияның төрағасы етін бекітеді. Осылайша, бұл жолы да ол түрік халықтарының тағдырында шешуші орын алған аса күрделі іске асқан білімпаздық көрсетіп араласады, латын әліпбиі жөнінде пікірталастарында жетекші ойлар қалыптастырады. Ақырында 1926 жылы түркітанушылардың Бакудегі конференциясында жаңа әліпбидің қабылдануына қол жеткізеді [1, 9 б.].

Төрехұлов осы Орталық баспа басқармасының төрағасы қызметін 1928 жылы дипломатиялық қызметке ауысқанға дейін атқарды. Орталық баспа кеңес елі халықтарының 50 тілінде түрлі әдебиет, оқу құралдарын, сондай-ақ 12 тілде журнал (соның ішінде қазақ тілінде «Темірқазықты») шығарды, Кеңес Одағындағы автономиялық республикалар мен облыстардың бәріне баспа ісі бойынша түрлі көмек көрсетін тұрды. Ол өз автономиялық құрылымдарын түзген халықтардың тіліне, мемлекеттік мәртебе беру мәселесін көтерді [2, 211 б.].

1924 жылы Кеңес үкіметі Сауд Арабиямен ресми қарым-қатынастар орнатады. 1928 жылдан бастап Төрехұлов Хиджаз Корольдігіндегі КСРО-ның өкілетті өкілі болып қызмет етеді. Ислам дініне жақындығы мен дипломатиялық қабілеттерінің болуы кеңестік биліктің нақ Нәзір Төрехұловты осы қызметке тағайындауына себеп болды.

Шын мәнінде, осы жылдары Төрехұловқа өзінің ресми жұмыс істейтін еліне іргелес үлкен геосаяси кеңістікте де елшілік функцияларды орындауға тура келді. Дипломат Н. Төрехұловтың алдында бірқатар күрделі міндеттер тұрды:

- Кеңес-Хиджаз шартын жасасу үшін қолайлы жағдай жасау;
- Британдық ықпалға қарсы тұру мақсатында Сауд Арабия патшасының басқа да шығыс мемлекеттерімен жақындасуына жәрдемдесу;
- Мәскеу мүдделі болған Түркия мен Хиджаз арасында шарт жасасуға ықпал ету.

Мәскеуге жасаған есептерінде өзінің араб тілінде сөйлей бастағанын айтып, 3-4 айдан кейін аудармашының көмегі тіпті керек болмауы мүмкін екенін жеткізген. Өзінің Кеңес

үкіметіне жазған есебінде Н.Төрекұлов былай деп жазады: «біздің екіжақты байланыстарымыз дамуда және кенеюде. Бұған менің араб тілін білуім ықпал етін отыр және мен қарапайым әңгімелерде аудармашысыз жүремін» [3, 70 б.]. Нәзір Төрекұловтың араб тілін білуі оны Сауд Арабиясындағы көптеген еуропалық дипломаттардан ерекшелендіріп тұрды. Ол патшамен және оның айналасымен шұғыл мәселелерді тікелей, делдалсыз шеше алды.

Араб жеріндегі кеңестік-британдық бәсекелестік тек патшаның айналасында ғана емес, сонымен қатар протоколдық-дипломатиялық қызметте де көрініс тапты. Кеңес елшісі ағылшын біріншілігінің дәстүрін бұзу үшін белгілі бір қадамдар жасайды. Түркия Республикасының мерейтойы күні ол ағылшын дипломатынан озып, күтпеген жерден барлық дипломатиялық корпустың атынан араб тілінде сөйлейді. Ол осы әрекетімен өзінің ағылшын қарсыласын шебер жеңіп шықты. Бұл жағдай оны шетелдік әріптестерімен де, Хиджаз үкіметімен де Англия, Франция, Италия, Түркия, Персия, Йемен дипломаттары ұсынған дипломатиялық корпустың дуайені ретінде тану үрдісінде пайдасын тигізбей қоймады.

Дипкорпустағы ағалық принципке байланысты британдықтармен «тарихи дау» деп аталып кеткен жарыстың жеңісі КСРО-ның пайдасына аяқталды. Көп ұзамай Төрекұлов дипломатиялық корпустың дуайеніне айналады. КСРО-ның еуропалық жауларының Таяу Шығыс аймағында халықаралық оқшаулану жоспарларын біртіндеп бұзып, өз мемлекетінің мүдделерін шебер қорғады. Сонымен қатар, ол дипломатиялық корпустағы дауларды шешу кезінде төреші болды.

Дипломат шығыс тарихына, философиясына, мәдениетіне үлкен қызығушылық танытты. Теологиялық тақырыптар бойынша пікір таластырғанды ұнататын еді. Осындай қасиеттерінің арқасында Әбдел Азиз Әл-Сауд пен оның ұлы Әмір Фейсалдың сеніміне кірін, сол елдің басқа да шенді азаматтарымен жақындасып кетті.

Нәзір Төрекұловтың білімділігі, өзге тілдерде сөйлей алу қабілеті, өмірдегі ішкі және сыртқы саяси ахуалды білуі оның дипломат ретінде кеңестік билікпен бағалануына алып келді. Н. Төрекұлов Кеңес үкіметінің барлық талаптарына сай келді. Кеңес үкіметі үстемдігін жүргізген 70 жыл ішінде қазақтан 2-ақ елші болды. Сауд Арабиясында Нәзір Төрекұлұлы және Мароккода Мәлік Фазылов. Нәзір Төрекұлұлының елшілік қабілеті тарих беттерінде қашалып жазылуы тиіс. Кеңес Одағы құрылған тұста күллі араб, мұсылман елдерімен жақындастырған осы Нәзір Төрекұлұлы еді [4, 307 б.].

Хиджаздағы кеңестік өкілеттік Мәскеудің Арабияда болған барлық маңызды саяси оқиғалар туралы ақпарат алатын негізгі арнасы болды. Хиджаз бен большевиктер арасындағы қарым-қатынастың үш негізі - геосаяси көзқарастар, ислам және экономика болды.

Дипломаттың Хиджазда аккредиттелген саясаткерлермен, дипломаттармен әңгімелері оның халықаралық өмірді жақсы білетіндігін және өзіндік пікірлерімен ерекшеленгендігін көрсетеді. Орталық үшін ол Арабиядағы маңызды саяси оқиғалардың күнтізбесін жасап, оларды мұқият талдап отырды.

Бұл ақпараттар елшінің дипломатиялық құжаттамасына, сондай-ақ орталыққа жіберілетін әңгіме жазбалары, хабарламалар, саяси хаттар, талдамалық есептерінде жазылды. Оның талдамалы жазбаларында Арабияның әлеуметтік-саяси ландшафтының өзекті мәселелерінің толық спектрі бар және Хиджаздың Англия, Франция, Трансиордания, Ирак, Персия, Мысыр, Йемен елдерімен қатынастарына байланысты сыртқы саяси мәселелер де жазылған.

Н. Төрекұлов КСРО мен Хиджаз арасында достық қарым-қатынас орнатуға көп күш жұмсады. Бос уақытында ол «Тунис жұмысшысы» кітабын орыс тіліне аударып, «УммұльКура» астаналық газетінің редакторының өтініші бойынша XIV ғасырда Үргеніш, Самарқанд, Бұхара, Алтын Орда және Ресейдің оңтүстігінде болған араб шейхі Ибн Баттута маршрутының картасын жасады.

Н. Төрөкұлов көрнекті шығыстанушы, Құран аудармашысы, академик И.Ю. Крачковскиймен хат алмасып отырды. Оның өтініші бойынша өкілетті өкіл Ленинградтағы этнографиялық мұражайға арналған түрлі артефактілер мен материалдар сатып алумен айналысты.

Міндетті дипломатиялық кездесулерден, сапарлардан, қабылдаулардан басқа, оның қалалық үкімет мүшелері, молдалар, бедуин шейхтері, ғалымдар, журналистер, көпестер секілді көптеген таныстары болды. Ол бедуин көшпелілеріне ерекше жанашырлық танытты. Мысалы, Араб Корольдігінің тұрғындарының медициналық жәрдем алуына үлкен үлес қосқан еді. Арабия түбегінде өте қолайсыз эпидемиологиялық жағдай орын алып, тырысқақ, безгек, трахома және басқа аурулар жиі кездесетін. Елшілерге арналған ауруханада көптеген науқастардың шипа алуына қолайлы жағдай жасады. Науқастарды емдеген дәрігер Жуков өте білікті, беделді маман болатын. Осы секілді еңбектерінің арқасында Кеңес Одағы Араб және Таяу Шығыс елдерінде танымал болды. Елшінің ұсынуы бойынша Мәскеу жас араб еліне гуманитарлық көмекпен қоса, дипломатиялық, экономикалық жәрдем де берді.

Дипломат араб елдерінің ішкі, сыртқы жағдайын және Таяу Шығыс елдерінің мәселелерін Орталыққа толық және тура жеткізін отырды. Сөйтін, еуропалық отаршыл мемлекеттерінің қысымына қарсы шыққан шығыс елдері Кеңес Одағына арқа сүйеді.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында христиан және басқа діни ағымдардың исламға қарсы жұмыс істегендері туралы елші Орталыққа хабарлап отырды. Оны Нәзірдің Мәскеуге сыртқы істер халық комиссариатына жіберген саяси хатынан көруге болады. Хабарламада елші былай деп жазады: «Көп жағдайда кейбір шетелдердегі ішкі күрес Меккеге қажылыққа барғандардың арасында жалғасын табады, нақтылап айтсақ, француз империализмінің Мароккодағы агенті, діни орденнің басшысы Әл-Кеттанмен конфуз болды. Қажылық уақытында марокколықтар Әл-Кеттанидің исламға және арабтарға жасалған қылмыстары туралы мәлімдемелер таратты. Франция солтүстік батыс Африкада үлкен миссионерлік, яғни мұсылмандарды христиандарға айналдыру жұмысын жүргізіп жатыр. Бұл миссионерлік әрекеттің Франция үшін үлкен мағынасы бар, себебі Мароккода арабтардың саны 2 млн, ал берберлер - 7 млн жуық адам. Бүкіл Шығыстағы араб прессасы Францияның бұл саясатына қарсылық компания өткізін жатыр», - деп жазады Нәзір [5, 329-330 б.]. Бұл хаттарынан Нәзірдің адам құқықтары мен дін мәселесіне үлкен алаңдаушылық танытқанын көре аламыз.

КСРО елшісі ретінде Төрөкұлов тек Кеңес Одағы мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы келісімнің жасалуына қол жеткізе алмады. Оған кедергі болған келісімдегі қажылар туралы тармақ еді. Сауд Арабия басшысы жыл сайын саны мыңды құрайтын кеңес мұсылмандарының Меккеге қажылық жасауын талап етті. Мәскеу, Төрөкұловтың шұғыл ұсыныстарына қарамастан, бұл талапты орындамады. Бұл мәселе Әл-Сауд үшін өте маңызды еді, өйткені мұнай серпілісіне дейін Сауд Арабиясының бюджеттік кірістерінің негізгі көзі қажылық еді.

Н. Төрөкұловтың ең маңызды жетістіктерінің бірі «бензин келісімі» болды. Таяу Шығыста көлік жүргізу дәуірінің басталуы бензинді тұтынудың өсуіне әкелді. Дипломат Сауд Арабиясы патшасының жеке өтініші бойынша, 150 мың долларға саны 50 мыңды құрайтын бензин мен керосин жәшіктерін жеткізуді ұйымдастырды.

Бүгінгі таңда Сауд Арабиясы қара алтынның қоры мен экспорты бойынша әлемде бірінші орын алады, ал XX ғасырдың 30-жылдарында ол Кеңес Одағы жеткізушілерінің арасында керосин мен бензин импорттауға мәжбүр болды. Сауд Арабиясының қазіргі жетістіктеріне Отандасымыз үлкен ықпалы болғанын айтпай кетуге болмайды.

1932 жылдың көктеміндегі Нәзір Төрөкұлов ұйымдастырған Әмір Фейсалдың КСРО-ға сапары, екі жақты қатынастардың бір сатыға жоғарылауының бұлтартпас көрінісі болды. Екі тарап та сапарға жоғары жауапкершілікпен қарады. Сауд тарабы КСРО үкіметімен 10 жылдық мерзімге миллион фунт стерлингке кеңестік тауар несиелерін беру туралы келісімдерге қол жеткізуге үміттенді. Сапар барысында кеңестік тарап араб делегациясына «Красная заря» телефон жабдықтары зауытын көрсетіп, сол кезде техникалық жаңалық

болған автоматты телефон станциясын Әмір Фейсалға сыйлады. Осындай керемет дипломатиялық жетістіктер Нәзір Төрекұлұның зор еңбегінің жемісі екені даусыз.

Н. Төрекұлұның бастамасымен 1934 жылы Кеңес үкіметі Сауд Арабиясындағы алғашқы автоматты телефон станциясын монтаждауды жүргізіп, оған қызмет көрсету үшін кадрлар даярлады. Патшаның өтініші бойынша АТС Тайфадағы жазғы сарайға орнатылды. Телефон арқылы алғашқы әңгіме Фейсал мен Төрекұлұның арасында өтті. Патша осындай сыйлық үшін Кеңес үкіметіне шексіз алғысын білдірген болатын.

Екіжақты қатынастардың дамуы шарықтау шегіне жеткен тұста КСРО бұл қатынастарға қызығушылығын жоғалта бастады. Оның себебі, 1920 жылдардың басы мен 1930 жылдардың аяғындағы КСРО-ның саясаты мен идеологиясының өзгерістерге ұшырауы еді. КСРО аумағында Сталинның ұлттық-социалистік доктринасы орнай бастады. Бұл доктрина КСРО-ның халықаралық революцияларға қызығушылығын жоққа шығарып, елдің қауіпсіздігі мен шаруашылықтың дамуын көздеді. Сталиндік сыртқы саясат 1930 жылдары өз межесіне жетті. Тіптіңше, шығыс елдерімен арадағы қатынастар да салқиндай бастады. Экономикалық жағынан шығыстық бағыттың болашағы бар еді. Бұл елдермен саяси қарым-қатынас достық бағытта дамып, тігін-тоқыма, қару-жарак, көлік секілді тауарлардың сатылып, капиталистік батыспен бәсекелесуге жол ашар еді.

Наркоматтың теңіз рейстерін болдырмауы, 1934 жылға арналған сауда жоспарын жоюы, сауда өкілдіктерін қайтарып алу туралы шешімі Кеңес Одағының Таяу Шығыс елдеріндегі ықпалының әлсіреуіне әкелді. Төрекұлұ орталыққа осы сұрақтар бойынша бірнеше рет хат жіберді, бірақ бұл мәселеде КСРО пассивті позиция ұстанып, ештеңені түсіндірместен екі тараптың арасындағы байланыстарды қиратты.

1930 жылдары Кеңес үкіметі сырқы саясатының бағытын өзгертін қана қоймай, елде ішкі тазартулар жасаған болатын. КСРО Сыртқы істер халық комиссары М. Литвиновтің Сталинге қарсылық білдіруі, Сыртқы істер халық комиссариаты қызметкерлерінің де осы тазартуларға ілігін кетуіне алып соқты. Бұл бірқатар елдердегі дипломаттарға, соның ішінде Қытай, Моңғолия, Финляндия, Латвия, Литва, Польша, Чехословакияда жұмыс жасаған елшілерге және Сауд Арабиясында көп жыл бойы еңбек еткен Төрекұлұға да кесірін тигізді [6, 174 б.].

1936 жылдың басында Нәзір Төрекұлұ Мәскеуге шақыртылады. Осы жылдың қаңтарында Н. Төрекұлұның орнына К. Хакимов келіп, Джиддада бір жылдан астам уақыт болды. Кейін Мәскеуге қайта шақырылды. Осы сәттен бастап екі ел арасындағы қатынастар іс жүзінде ондаған жылдарға тоқтатылды және тек 1990 жылы толық қалпына келтірілді.

Н. Төрекұлұның өзі үшін мұндай оқиғалар күтпеген жағдай болмағаны анық. Туған жеріне барар жолда Парижде жаңадан тағайындалған К. Хакимовпен кездесу өтті. Хакимов кездескен күні Нәзірдің сырқаттанып, денсаулығының біршама нашарланғанын байқаған. «Ол ауырып қалған, мүлдем керең және қазір Париждегі жергілікті дәрігерлерде денсаулығын қалпына келтіру үшін емделуде. 20 қаңтарда ол Берлинге жолға шығып, онда бір апта тұрады. Содан соң Мәскеуге қайтып оралады. Жолдас Беляев оның Берлиндегі ауыр жүгін Мәскеу кеденіне жіберді», - деп жазды. Соңғы жазылған дерек Нәзірдің Сауд Арабиясынан біржола кеткенін көрсетеді [6, 175 б.].

Мәскеуге қайта шақыртылған Төрекұлұ, шамамен бір жыл бойы КСРО Орталық атқару комитетінде Ұлттар Кеңесі жанындағы Тіл және жазу институтының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. Бір қызығы, 1935 жылдың желтоқсанынан 1936 жылдың маусымына дейін ол сыртқы істер Наркоматы резервінде, ал 1936 жылдың маусымынан 1937 жылдың қаңтарына дейін БКП(б) ОК резервінде болған кездерінде, жоғарғы басшылықтың Төрекұлұға қатысты кейбір жоспарлары болды деседі. Бірақ көптеген замандастары (әскери басшылар, дипломаттар мен ғалымдар) секілді айып тағылып, тұтқындалды. 1937 жылы 3 қарашада КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасы Нәзір Төрекұлұлы Төрекұлұның пантүркілік үгіт-насихат және кеңестік мемлекет қайраткерлеріне қатысты террорға шақыру үшін кінәлі деп танып, ату жазасына кеседі. Н. Төрекұлұның өмірі 45 жасқа толмай жатып

қайғылы аяқталды. Оның жұбайы Нина Александровна да қуғын-сүргінге ұшырап, Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагеріне жіберілді және сол жерде қайтыс болды.

Біздің дипломат сегіз жыл бойы ең ауыр саяси, моральдық-психологиялық, сондай-ақ табиғи-климаттық жағдайларда жұмыс істеуге мәжбүр болды (ыстық климат, экзотикалық аурудың қандай да бір түрін жұқтыру қауіпі, судың, азық-түліктің жетіспеушілігі, білікті медициналық көмектің болмауы). Бірақ Нәзір Төрехұлов өзіне жүктелген дипломатиялық миссияны абыроймен орындап, өз ісінде батыл, әрі табанды болды.

Нәзір Төрехұловтың Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев секілді ел алыптары мен Алаш арыстарына қамқорлық көрсетін, шығармашылық жолға тартуын, қолдауын ерекше атап өткен жөн. Саңлақтарымыздың бастарын Алаш идеясы біріктірді. Бұл тұлғалардың саясатқа араласып, қоғамға қызмет қылуының бірден-бір себебі ұлттық тәуелсіздігімізге қол жеткізу еді.

Сол уақыттың ерекшелігін және одақтық бағыныстылығын ескере отырып, Нәзір Төрехұлов өзінің дипломатиялық және ұйымдастырушылық дарынын барынша толық әрі ауқымды түрде ашуға мүмкіндігі болмағанын ескеру қажет. Алайда оның өмірлік тәжірибесі, даналығы, қоғамға және Отанға қалтқысыз қызмет етуі біздің қазіргі заманғы дипломатиялық қызметіміздің табысты дамуының негізіне айналды.

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан халықаралық аренада елеулі сыртқы саяси табыстарға қол жеткізді, БҰҰ секілді әлемдік қоғамдастықтың беделді және жауапты мүшесі болды. Біздің сыртқы саяси бастамаларымыз әлемдік қоғамдастықта өзара сенім мен ынтымақтастық атмосферасын құруға бағытталған.

Қазіргі дипломаттар үшін Нәзір Төрехұлов өз Отанының ұлттық мүдделеріне жанқиярлықпен және адал қызмет етудің мысалы. Ол саясат пен экономиканың әртүрлі салаларындағы терең білімін үйлестіре білудің, кәсіби даярлықтың, ішкі мәдениеттің және үнемі өзін-өзі жетілдірудің жоғары деңгейінің эталоны болып табылады.

Қорытындылай келе, кең білім, эрудиция, адалдық, өткір саяси көзқарас, беріктік бойына тараған дипломат Н. Төрехұловтың өмір жолы ерекше назарға лайық екенін түсінеміз. Біздің алдымызда кәсіби дипломат, келіссөз жүргізуші, шығыстанушы ғалым ретінде оның көп өлшемді қызметін одан әрі жан-жақты зерттеу міндеті тұр.

Нәзір Төрехұловтың түпкілікті нәтижеге жету жолында қызмет етуі, өз мемлекетінің ұлттық мүдделерін қорғауы және жоғары кәсібилігі оған кеңес дипломатиясы тарихында лайықты орын алуға құқық береді. Осындай азулы азаматтың атын одан әрі асқақтату біздің борышымыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Төрехұлов Н. Екі томдық шығармалар жинағы. 1, 2-томдар – Алматы: «Алаш», 2004. – 592 б.
2. Қойшыбаев Б.О. Тарих және тұлға. – Тараз: «Сенім» ЖБО, 2019. – 448 б.
3. Мансуров Т.А., Сыздықов А.М. Назир Тюрюкулов - полпред СССР в Королевстве Саудовская Аравия (письма, дневники, отчеты 1928-1935 гг.). – Москва: «Русский Раритет», 2000. – 607 с.
4. Батырша-ұлы С. Дипломат жазбалары. 2-том. – Алматы: «Керемет медиа» баспа үйі, 2019. – 480 б.
5. Батырша-ұлы С. Дипломат жазбалары. 1-том. – Алматы: «Керемет медиа» баспа үйі, 2018. – 480 б.
6. Мансуров Т. А. Полпред Назир Тюрюкулов. – Москва: «Молодая гвардия», 2004. – 371 с.